$$+\frac{2B-Ap}{\sqrt{4q-p^2}}arctg\,\frac{2x+p}{\sqrt{4q-p^2}}+C.$$

223. $\int\frac{dx}{x^2-6x+25}$ интегралын табу керек.

Шешуі: $\int\frac{dx}{x^2-6x+25}=\int\frac{dx}{(x-3)^2+16}=\frac{1}{4}arctg\,\frac{x-3}{4}+C.$

224. $\int\frac{7x-2}{3x^2-5x+4}dx$ интегралын табу керек.

Шешуі:

$$\int\frac{7x-2}{3x^2-5x+4}dx=\int\frac{84x-24}{36x^2-60x+48}dx=\int\frac{14(6x-5)+46}{(6x-5)^2+23}dx=14\int\frac{6x-5}{(6x-5)^2+23}dx+$$

$$+46\int\frac{dx}{(6x-5)^2+23}=\frac{7}{6}\ln\left((6x-5)^2+23\right)+\frac{\sqrt{23}}{3}arctg\,\frac{6x-5}{\sqrt{23}}+C.$$

IV. $\int \frac{Ax+B}{(x^2+px+q)^n}dx = \int \frac{\frac{A}{2}(2x+p)+\left(B-\frac{Ap}{2}\right)}{(x^2+px+q)^n}dx =$

$$= \frac{A}{2}\int \frac{2x+B}{(x^2+px+q)^n}dx + \left(B-\frac{Ap}{2}\right)\int \frac{dx}{\left(x^2+px+q\right)^n}$$

Мұнда

$$\int \frac{2x+B}{(x^2+px+q)^n}dx = \int \frac{d\left(x^2+px+q\right)}{(x^2+px+q)^n} = -\frac{1}{(n-1)\left(x^2 px+q\right)^{n-1}},$$

ал

$$\int \frac{dx}{\left(x^2+px+q\right)^n} = \int \frac{dt}{\left(t^2+m^2\right)^n}$$

тең болады, мұндағы

$$x+\frac{p}{2}, \quad dx = dt, \quad m = q-\frac{p^2}{4}$$

Енді

$$I_n = \int \frac{dt}{\left(t^2+m^2\right)^n}$$

интегралы үшін келесі рекурентті формуланы қолдану керек.

$$I_n = \int \frac{dt}{\left(t^2+m^2\right)^n} = \frac{1}{2m^2(n-1)}\cdot\frac{t}{\left(t^2+m^2\right)^{n-1}} + \frac{1}{m^2}\cdot\frac{2n-3}{2n-2}\cdot I_{n-1}.$$

Бұл рекурентті формуланы $n-1$ рет қолдану арқылы I_n интегралы

$$I_1 = \int \frac{dt}{t^2+m^2} = \frac{1}{m} arctg \frac{t}{m}$$

негізгі кестелік интегралы арқылы есептеуге болады.

225. $I_3 = \int \frac{dx}{\left(x^2+m^2\right)^3}$ интегралын табу керек.

Шешуі: $n = 3$. Рекурентті формуланы қолдансақ, онда

$$I_3 = \int \frac{dx}{\left(x^2+m^2\right)^3} = \frac{1}{4m^2}\cdot\frac{x}{\left(x^2+m^2\right)^2} + \frac{3}{4m^2}\cdot I_2.$$

$I_2 = \int \frac{dx}{\left(x^2+m^2\right)^2}$ интегралына рекурентті формуланы тағы бір рет қолдансақ ($n=2$), онда

$$I_2 = \int \frac{dx}{\left(x^2+m^2\right)^2} = \frac{1}{2m^2} \cdot \frac{x}{\left(t^2+m^2\right)} + \frac{1}{2m^2} \cdot I_1 = \frac{1}{2m^2} \cdot \frac{x}{\left(t^2+m^2\right)} + \frac{1}{2m^3} \cdot arctg\,\frac{x}{m} + C.$$

Сонымен

$$I_3 = \int \frac{dx}{\left(x^2+m^2\right)^3} = \frac{1}{4m^2} \cdot \frac{x}{\left(x^2+m^2\right)^2} + \frac{3}{8m^4} \cdot \frac{x}{\left(x^2+m^2\right)} + \frac{3}{8m^5} \cdot arctg\,\frac{x}{m} + C.$$

Рационал бөлшектерді интегралдау. Дұрыс рационал бөлшектерді интегралдау үшін оларды төмендегідей жәй бөлшектерге жіктеу керек:

$$\frac{Q(x)}{P(x)} = \frac{A_1}{x-a} + \frac{A_2}{(x-a)^2} + \ldots + \frac{A_\alpha}{(x-a)^\alpha} + \ldots + \frac{B_1}{x-b} + \frac{B_2}{(x-b)^2} + \ldots + \frac{B_\beta}{(x-b)^\beta} + \frac{M_1x+N_1}{x^2+px+q} +$$
$$+ \frac{M_2x+N_2}{\left(x^2+px+q\right)^2} + \ldots + \frac{M_\lambda x+N_\lambda}{\left(x^2+px+q\right)^\lambda} + \ldots + \frac{R_1x+S_1}{x^2+rx+s} + \frac{R_2x+S_2}{\left(x^2+rx+s\right)^2} + \ldots + \frac{R_\mu x+S_\mu}{\left(x^2+rx+s\right)^\mu},$$

мұндағы A_i, B_i, M_i, N_i, R_i, S_i – тұрақты сандар.

A_i, B_i, M_i, N_i, R_i, S_i шамаларының мәндерін анықтау үшін белгісіз коэффициенттер әдісін қолданыламыз (екі көпмүше тең болуы үшін х-тің бірдей дәрежесіндегі коэффициенттердің тең болуы қажетті және жеткілікті).

Бұрыс рационал бөлшектер үшін алдын ала бүтін бөлігін шығарып алуымыз керек.

226. мысал $\int \frac{x-2}{x^2-1}dx$ интегралын есептеу керек.

Шешуі: Интеграл атындағы өрнек бөлімінің екі нақты түбірі бар дұрыс интеграл бөлшек, олай болса

$$\frac{x-2}{x^2-1} = \frac{x-2}{(x-1)(x+1)} = \frac{A_1}{x-1} + \frac{A_2}{x+1}$$

тең екендігін аламыз. Осыдан

$$\frac{x-2}{(x-1)(x+1)} = \frac{A_1(x+1)+A_2(x-1)}{(x-1)(x+1)}$$
$$x-2 = A_1(x+1)+A_2(x-1)$$

x айнымалысының бірдей дәрежелерінің алдындағы коэффициенттерін теңестірсек.

$$\left.\begin{array}{l} x : A_1 + A_2 = 1 \\ x^0 : A_1 - A_2 = -2 \end{array}\right\} \Rightarrow \begin{cases} A_1 = -\dfrac{1}{2} \\ A_2 = \dfrac{3}{2} \end{cases}$$

Табылған A_1, A_2 коэффициентін орнына қойсақ

$$\frac{x-2}{x^2-1} = \frac{-\frac{1}{2}}{x-1} + \frac{\frac{3}{2}}{x+1}$$

Сонда

$$\int \frac{x-2}{x^2-1}dx = \int \left[-\frac{1}{2(x-1)} + \frac{3}{2(x+1)} \right] dx = -\frac{1}{2}\int \frac{dx}{x-1} + \frac{3}{2}\int \frac{dx}{x+1} =$$

$$= -\frac{1}{2}\ln|x-1| + \frac{3}{2}\ln|x+1| + C.$$

227. $\displaystyle\int \frac{9x^3 - 30x^2 + 28x - 88}{(x-2)(x-4)(x^2+4)}dx$ интегралын есептеу керек.

Шешуі: $\displaystyle\int \frac{9x^3 - 30x^2 + 28x - 88}{(x-2)(x-4)(x^2+4)}dx = \int \left(\frac{A}{x-2} + \frac{B}{x-4} + \frac{Dx+E}{x^2+4} \right) dx$

Ортақ бөлімге келтіре отырып, алымдарын теңестіреміз:

$$A(x-4)(x^2+4) + B(x-2)(x^2+4) + (Dx+E)(x-2)(x-4) = 9x^3 - 30x^2 + 28x - 88$$

$$\begin{cases} A + B + D = 9 \\ -4A - 2B - 6D + E = -30 \\ 4A + 4B + 8D - 6E = 28 \\ -16A - 8D + 8E = -88 \end{cases} \qquad \begin{cases} D = 9 - A - B \\ E = -30 + 4A + 2B + 54 - 6A - 6B \\ 2A + 2B + 4D - 3E = 14 \\ 2A + B - E = 11 \end{cases}$$

$$\begin{cases} D = 9 - A - B \\ E = 24 - 2A - 4B \\ 4A + 10B = 50 \\ 4A + 5B = 35 \end{cases} \qquad \begin{cases} D = 9 - A - B \\ E = 24 - 2A - 4B \\ 4A + 10B = 50 \\ 5B = 15 \end{cases} \qquad \begin{cases} A = 5 \\ B = 3 \\ D = 1 \\ E = 2 \end{cases}$$

Сонымен,

$$\int \frac{5dx}{x-2} + \int \frac{3dx}{x-4} + \int \frac{x+2}{x^2+4}dx = 5\ln|x-2| + 3\ln|x-4| + \frac{1}{2}\ln|x^2+4| + arctg\,\frac{x}{2} + C.$$

228. $\int \frac{6x^5 - 8x^4 - 25x^3 + 20x^2 - 76x - 7}{3x^3 - 4x^2 - 17x + 6} dx$ интегралын есептеу керек.

Шешуі: Бөлшек бұрыс болғандықтан, алдын ала бүтін бөлігін шығарып аламыз:

$$
\begin{array}{r|l}
6x^5 - 8x^4 - 25x^3 + 20x^2 - 76x - 7 & 3x^3 - 4x^2 - 17x + 6 \\
6x^5 - 8x^4 - 34x^3 + 12x^2 \quad\quad\quad\quad & \\
\hline
9x^3 + 8x^2 - 76x - 7 & 2x^2 + 3 \\
9x^3 - 12x^2 - 51x + 18 & \\
\hline
20x^2 - 25x - 25 &
\end{array}
$$

Сонымен,

$$\int \left[2x^2 + 3 + \frac{20x^2 - 25x - 25}{3x^3 - 4x^2 - 17x + 6} \right] dx = \int 2x^2 dx + \int 3dx + 5\int \frac{4x^2 - 5x - 5}{3x^3 - 4x^2 - 17x + 6} dx = \frac{2}{3}x^3 + 3x +$$

$$+ 5\int \frac{4x^2 - 5x - 5}{3x^3 - 4x^2 - 17x + 6} dx$$

Алынған бөлшектің бөлімін көбейткіштерге жіктейік. *x=3* болғанда бөлшектің бөлімі нөлге айналатындығы көрініп тұр. Сонда:

$$
\begin{array}{r|l}
3x^3 - 4x^2 - 17x + 6 & x - 3 \\
3x^3 - 9x^2 \quad\quad\quad\quad\quad & \\
\hline
5x^2 - 17x & 3x^2 + 5x - 2 \\
5x^2 - 15x & \\
\hline
-2x + 6 & \\
-2x + 6 & \\
\hline
0 &
\end{array}
$$

Сонымен, $3x^3 - 4x^2 - 17x + 6 = (x - 3)(3x^2 + 5x - 2) = (x - 3)(x + 2)(3x - 1)$. Сонда:

$$\frac{4x^2 - 5x - 5}{(x-3)(x+2)(3x-1)} = \frac{A}{x-3} + \frac{B}{x+2} + \frac{C}{3x-1}$$

$$A(x+2)(3x-1) + B(x-3)(3x-1) + C(x-3)(x+2) = 4x^2 - 5x - 5 \cdot$$

Анықталмаған коэффициенттерді табу кезінде жақшаларды ашып, ұқсас мүшелерді топтастырып, сосын теңдеулер жүйесін (кейде теңдеулер саны өте көп болуы мүмкін) шешпеу үшін *кез келген мәндер әдісі* деп аталатын әдіс қолдануға болады. Бұл әдістің мәні мынада: жоғарыда алынған өрнекте *x*-ке (саны анықталмаған коэффициенттер санына тең) кез келген мәндерді біртіндеп береді. Есептеулер оңай болу үшін бұл мәндер ретінде бөлшектің бөлімі нөлге айналатын нүктелерді, яғни 3, -2, 1/3 аламыз. Сонда:

$$\begin{cases} 40A = 16 \\ 35B = 21 \\ C = 1 \end{cases} \begin{cases} A = 2/5 \\ B = 3/5 \\ C = 1 \end{cases}$$

Сонымен:

$$\int \frac{6x^5 - 8x^4 - 25x^3 + 20x^2 - 76x - 7}{3x^3 - 4x^2 - 17x + 6} dx = \frac{2}{3}x^3 + 3x + 3\int \frac{dx}{x+2} + 2\int \frac{dx}{x-3} + 5\int \frac{dx}{3x-1} =$$

$$= \frac{2}{3}x^3 + 3x + 3\ln|x+2| + 2\ln|x-3| + \frac{5}{3}\ln|3x-1| + C.$$

229. $\int \frac{3x^4 + 14x^2 + 7x + 15}{(x+3)(x^2+2)^2} dx$ интегралын есептеу керек.

Шешуі:

$$\int \frac{3x^4 + 14x^2 + 7x + 15}{(x+3)(x^2+2)^2} dx = \int \frac{A}{x+3} dx + \int \frac{Bx + C}{(x^2+2)^2} dx + \int \frac{Dx + E}{x^2+2} dx$$

Анықталмаған коэффициенттерді табайық:

$$A(x^2+2)^2 + (Bx + C)(x+3) + (Dx + E)(x+3)(x^2+2) = 3x^4 + 14x^2 + 7x + 15$$

Бұдан,

$$Ax^4 + 4Ax^2 + 4A + Bx^2 + 3Bx + Cx + 3C + Dx^4 + 2Dx^2 + 3Dx^3 + 6Dx + Ex^3 + 2Ex + 3Ex^2 + 6E =$$
$$= (D + A)x^4 + (3D + E)x^3 + (A + B + 2D + 3E + 4A)x^2 + (3B + C + 6D + 2E)x + (2A + 3C + 6E + 4A)$$

$$\begin{cases} D + A = 3 \\ 3D + E = 0 \\ B + 2D + 3E + 4A = 14 \\ 3B + C + 6D + 2E = 7 \\ 3C + 6E + 4A = 15 \end{cases} \begin{cases} D = 3 - A \\ E = -9 + 3A \\ B + 6 - 2A - 27 + 9A + 4A = 14 \\ 3B + C + 18 - 6A - 18 + 6A = 7 \\ 3C - 54 + 18A + 4A = 15 \end{cases}$$

$$\begin{cases} D = 3 - A \\ E = -9 + 3A \\ B + 11A = 35 \\ 3B + C = 7 \\ 3C + 22A = 69 \end{cases} \begin{cases} D = 3 - A \\ E = -9 + 3A \\ 11A = 35 - B \\ C = 7 - 3B \\ 21 - 9B + 70 - 2B = 69 \end{cases} \begin{cases} A = 3 \\ B = 2 \\ C = 1 \\ D = 0 \\ E = 0 \end{cases}$$

Сонда берілген интегралдың мәні:

$$3\int\frac{dx}{x+3}+\int\frac{2x+1}{(x^2+2)^2}dx=3\int\frac{dx}{x+3}+2\int\frac{x}{(x^2+2)^2}dx+\int\frac{dx}{(x^2+2)^2}=3\ln|x+3|-\frac{1}{x^2+2}+$$
$$+\frac{x}{4(x^2+2)}+\frac{1}{4\sqrt{2}}arctg\frac{x}{\sqrt{2}}+C.$$

Берілген интегралдарды есептеу керек:

230. $\int\frac{dx}{(x+a)(x+b)}$ Жауабы: $\frac{1}{a-b}\ln\left|\frac{x+b}{x+a}\right|+C$ a $\neq$ b.

231. $\int\frac{(2x-1)dx}{(x-1)(x-2)}$ Жауабы: $\ln\left|\frac{(x-2)^3}{x-1}\right|+C.$

232. $\int\frac{xdx}{(x+1)(x+3)(x+5)}$ Жауабы: $\frac{1}{8}\ln\left|\frac{(x+3)^6}{(x+5)^5(x+1)}\right|+C.$

233. $\int\frac{(2x^2+41x-91)dx}{(x-1)(x+3)(x-4)}$ Жауабы: $\ln\left|\frac{(x-1)^4(x-4)^5}{(x+3)^7}\right|+C.$

234. $\int\frac{(x^2+2x+6)dx}{(x-1)(x-2)(x-4)}$ Жауабы: $\ln\left|\frac{(x-1)^3(x-4)^5}{(x-2)^7}\right|+C.$

235. $\int\frac{x^2-5x+9}{x^2-5x+6}dx$ Жауабы: $x+3\ln\left|\frac{x-3}{x-2}\right|+C.$

236. $\int\frac{x^3-1}{4x^3-x}dx$ Жауабы: $\frac{1}{4}x+\frac{1}{16}\ln\left|\frac{x^{16}}{(2x-1)^7(2x+1)^9}\right|+C.$

237. $\int\frac{x^4dx}{(x^2-1)(x+2)}$ Жауабы: $\frac{x^2}{42}-2x+\frac{1}{6}\ln\left|\frac{x-1}{(x+1)^3}\right|+\frac{16}{3}\ln|x+2|+C.$

238. $\int\frac{dx}{(x-1)^2(x-2)}$ Жауабы: $\frac{1}{x-1}+\ln\left|\frac{x-2}{x-1}\right|+C.$

239. $\int\frac{(3x+2)dx}{x(x+1)^2}$ Жауабы: $\frac{4x+3}{2(x+1)^2}+2\ln\left|\frac{x}{x+1}\right|+C.$

240. $\int\frac{x^4-6x^3+12x^2+6}{x^3-6x^2+12x-8}dx$ Жауабы: $\frac{x^2}{2}-\frac{11}{(x-2)^2}-\frac{8}{x-2}+C.$

241. $\int \frac{5x^2+6x+9}{(x-3)^2(x+1)^2}dx$ Жауабы: $-\frac{9}{2(x-3)}-\frac{1}{2(x+1)}+C.$

242. $\int \frac{x^2}{(x+2)^2(x+4)^2}dx$ Жауабы: $-\frac{5x+12}{x^2+6x+8}+2\ln\left|\frac{x+4}{x+2}\right|+C.$

243. $\int \frac{x^2+1}{(x-1)^3(x+3)}dx$ Жауабы: $-\frac{1}{4(x-1)^2}-\frac{3}{8(x-1)}+\frac{5}{32}\ln\left|\frac{x-1}{x+3}\right|+C.$

244. $\int \frac{dx}{x\left(x^2+1\right)}$ Жауабы: $\ln\frac{|x|}{\sqrt{x^2+1}}+C.$

245. $\int \frac{2x^2-3x-3}{(x-1)\left(x^2-2x+5\right)}dx$ Жауабы: $\ln\frac{\left(x^2-2x+5\right)^{3/2}}{|x-1|}+\frac{1}{2}arctg\,\frac{x-1}{\sqrt{2}}+C.$

246. $\int \frac{x^3-6}{x^4+6x^2+8}dx$ Жауабы: $\ln\frac{x^2+4}{\sqrt{x^2+2}}+\frac{3}{2}arctg\,\frac{x}{2}-\frac{3}{\sqrt{2}}arctg\,\frac{x}{\sqrt{2}}+C.$

247. $\int \frac{dx}{x^3+1}$ Жауабы: $\frac{1}{6}\ln\frac{(x+1)^2}{x^2-x+1}+\frac{1}{\sqrt{3}}arctg\,\frac{2x-1}{\sqrt{3}}+C.$

248. $\int \frac{x^3+x+1}{x^4-81}dx$

Жауабы: $\frac{31}{108}\ln|x-3|+\frac{29}{108}\ln|x+3|+\frac{2}{9}\ln\left(x^2+9\right)-\frac{1}{54}arctg\,\frac{x}{3}+C.$

249. $\int \frac{x+1}{\left(x^2+1\right)\left(x^2+9\right)}dx$

Жауабы: $\frac{1}{16}\ln\left|\frac{x^2+1}{x^2+9}\right|+\frac{1}{8}arctgx-\frac{1}{24}arctg\,\frac{x}{3}+C.$

250. $\int \frac{x^3+x-1}{\left(x^2+2\right)^2}dx$

Жауабы: $\frac{2-x}{4\left(x^2+2\right)}+\frac{1}{2}\ln\left(x^2+2\right)-\frac{1}{4\sqrt{2}}arctg\,\frac{x}{\sqrt{2}}+C.$

1.7 Иррационал функцияларды интегралдау

$\int R\left(x,\left(\frac{ax+b}{cx+d}\right)^{m/n},...,\left(\frac{ax+b}{cx+d}\right)^{r/s}\right)dx$ **интегралы.** Осы интеграл $\frac{ax+b}{cx+d}=t^k$ алмастыруын қолдану арқылы рационал функцияның интегралына келтіріледі, мұндағы k саны $m/n,...,r/s$ бөлшектерінің ортақ бөліміне тең.

251. $\int\frac{dx}{(x+1)\sqrt{x}}$ интегралын есептеу керек.

Шешуі:

$$\int\frac{dx}{(x+1)\sqrt{x}}=\left|\sqrt{x}=t,\frac{dt}{dx}=\frac{1}{2\sqrt{x}}=\frac{1}{2t}\right|=\int\frac{2tdt}{(t^2+1)t}=2\int\frac{dt}{t^2+1}=2arctgt+C=2arctg\sqrt{x}+C$$

252. $\int\frac{dx}{(2x+1)^{2/3}-(2x+1)^{1/2}}$ интегралын есептеу керек.

Шешуі:

$$\int\frac{dx}{(2x+1)^{2/3}-(2x+1)^{1/2}}=\left|\ 2x+1=t^6,\quad x=\frac{t^6-1}{2},\quad dx=3t^5dt\ \right|=\int\frac{3t^5dt}{t^4-t^3}=.$$

$$=3\int\frac{t^2dt}{t-1}=3\int\frac{t^2-1+1}{t-1}dt=3\int\left(t+1+\frac{1}{t-1}\right)dt=\frac{3}{2}t^2+3t+3\ln|t-1|+C=$$

$$=\left|\ t=(2x+1)^{1/6}\ \right|=\frac{3}{2}(2x+1)^{1/3}+3\,(2x+1)^{1/6}+3\ln\left|\sqrt[6]{2x+1}-1\right|+C.$$

253. $\int\sqrt{\frac{2-x}{1+x}}dx$ интегралын есептеу керек.

Шешуі:

$$\int\sqrt{\frac{2-x}{1+x}}dx=\left|\begin{array}{c}\frac{2-x}{1+x}=t^2;\quad \mathrm{x}=\frac{2-\mathrm{t}^2}{1+t^2}\\ dx=\frac{2t(1+t^2)-2t(2-t^2)}{(1+t^2)^2}dt=\frac{-2t-2t^3-4t+2t^3}{(1+t^2)^2}dt=\frac{-6tdt}{(1+t^2)^2}\end{array}\right|=$$

$$-\int t\cdot\frac{6tdt}{(1+t^2)^2}=-6\int\frac{t^2}{(1+t^2)^2}dt=\left|\begin{array}{l}u=t,\quad \mathrm{du}=\mathrm{dt}\\ \frac{\mathrm{tdt}}{(1+\mathrm{t}^2)^2}=dv,\ \mathrm{v}=\frac{1}{2(1+\mathrm{t}^2)}\end{array}\right|=$$

$$=-6\cdot\frac{t}{2(1+t^2)}-3\int\frac{dt}{1+t^2}=-\frac{3t}{1+t^2}-3arctgt+c=\sqrt{(2-x)(1+x)}-3arctg\sqrt{\frac{2-x}{1+x}}+c.$$

Берілген интегралдарды есептеу керек:

253. $\int \frac{\sqrt{x+4}}{x}dx.$ Жауабы: $2\sqrt{x+4}+2\ln\left|\frac{\sqrt{x+4}-2}{\sqrt{x+4}+2}\right|+C.$

254. $\int \frac{x}{\sqrt[3]{ax+b}}dx.$ Жауабы: $\frac{3}{10a^2}\left[2\sqrt[3]{(ax+b)^5}-5b\sqrt[3]{(ax+b)^2}\right]+C.$

255. $\int x\sqrt{\frac{x-1}{x+1}}dx.$ Жауабы: $\frac{1}{2}(x-2)\sqrt{x^2-1}+\frac{1}{2}\ln\left|x+\sqrt{x^2-1}\right|+C.$

256. $\int \frac{\sqrt{x^3}-\sqrt[3]{x}}{6\sqrt[4]{x}}dx.$ Жауабы: $\frac{2}{27}\sqrt[4]{x^9}-\frac{2}{13}\sqrt[12]{x^{13}}+C.$

257. $\int \sqrt{\frac{2+3x}{x-3}}dx.$

Жауабы: $\sqrt{3x^2-7x-6}+\frac{11}{2\sqrt{3}}\ln\left|x-\frac{7}{6}+\sqrt{x^2-\frac{7}{3}x-2}\right|+C.$

258. $\int \frac{2+\sqrt[3]{x}}{\sqrt[6]{x}+\sqrt[3]{x}+\sqrt{x}+1}dx.$

Жауабы: $\frac{6}{5}\sqrt[6]{x^5}-\frac{3}{2}\sqrt[3]{x^2}+4\sqrt{x}-6\sqrt[3]{x}+6\sqrt[6]{x}-9\ln\left|\sqrt[6]{x}+1\right|+C.$

$\int x^m\left(a+bx^n\right)^p dx$ **(дифференциалдық бином) интегралы,** мұндағы $m, n, p-$рационал сандар.

Чебышев шарты. Берілген интеграл тек үш жағдайда ғана элементар функциялар арқылы өрнектеледі:

1) $p-$бүтін сан болғанда;

2) $\frac{m+1}{2}-$бүтін сан болғанда, бұл жағдайда $a+bx=z^S$ алмастыру жасау керек, мұндағы s – p бөлшегінің бөлімі;

3) $\frac{m+1}{2}+p-$бүтін сан болғанда бұл жағдайда $ax^{-n}+b=z^S$ алмастыру жасау керек, мұндағы s – p бөлшегінің бөлімі;

259. $\int \frac{\sqrt[3]{1+\sqrt[4]{x}}}{\sqrt{x}}dx.$ интегралын есептеу керек.

Шешуі: $m=-\frac{1}{2},\ n=\frac{1}{4},\ p=\frac{1}{3},\ \frac{m+1}{n}=\frac{-\frac{1}{2}+1}{\frac{1}{4}}=2.$

Осыдан, дифференциалдық биномның екінші жағдайы бойынша

$$1+x^{1/4}=z^3 \qquad x=\left(z^3-1\right)^4, \quad dx=12z^2\left(z^2-1\right)^3dx$$

$$\int\frac{\sqrt[3]{1+\sqrt[4]{x}}}{\sqrt{x}}dx=12\int\frac{z^3\left(z^3-1\right)^3}{\left(z^3-1\right)^2}dz=12\int\left(z^6-z^2\right)dz=\frac{12}{7}z^7-3z^4+C=.$$

$$\frac{12}{7}\left(1+x^{1/4}\right)^{7/3}-3\left(1+x^{1/4}\right)^{4/3}+C$$

Берілген интегралдарды есептеу керек:

260. $\int\frac{dx}{\sqrt{x}\left(\sqrt[4]{x}+1\right)^{10}}dx.$ Жауабы: $-\frac{1}{2\left(\sqrt[4]{x}+1\right)^8}+\frac{4}{9\left(\sqrt[4]{x}+1\right)^9}+C.$

261. $\int\frac{dx}{x^4\sqrt{1+x^2}}dx.$ Жауабы: $\frac{\left(2x^2-1\right)\sqrt{1+x^2}}{3x^2}+C.$

262. $\int x^2\left(1+2x^2\right)^{-3/2}dx.$ Жауабы: $\frac{1+x^2}{2\sqrt{1+2x^2}}+C.$

263. $\int\frac{dx}{\sqrt[4]{1+x^4}}.$ Жауабы: $\frac{1}{4}\ln\frac{\sqrt[4]{x^{-4}+1}+1}{\sqrt[4]{x^{-4}+1}-1}-\frac{1}{2}arctg\sqrt[4]{x^{-4}+1}+C.$

264. $\int\frac{dx}{x\sqrt{1+x^3}}dx.$ Жауабы: $\frac{1}{3}\ln\frac{\sqrt{1+x^3}}{\left|x^3\right|}+C.$

$\int R\left(x,\sqrt{ax^2+bx+c}\right)dx$ **интегралы (Эйлер қойылымы).**

Бірінші Эйлер қойылымы. Егер $a>0$ болса, онда

$$\sqrt{ax^2+bx+c}=\pm\sqrt{a}\cdot x+t$$

алмастыру жасау керек.

265. $\int \frac{dx}{\sqrt{x^2+c}}$. интегралын есептеу керек.

Шешуі: $a = 1 > 0$ $\sqrt{x^2+c} = -x+t$ $x^2 + c = x^2 - 2xt + t^2$

$$x = \frac{t^2-c}{2t}, \quad dx = \frac{t^2+c}{2t^2}dt \qquad \sqrt{x^2+c} = -x+t = -\frac{t^2-c}{2t} + t = \frac{t^2+c}{2t}$$

$$\int \frac{dx}{\sqrt{x^2+c}} = \int \frac{\frac{t^2+c}{2t^2}dt}{\frac{t^2+c}{2t}} = \int \frac{dt}{t} = \ln|t| + C = \ln\left|x + \sqrt{x^2+c}\right| + C.$$

Екінші Эйлер қойылымы. Егер $c > 0$ болса, онда

$$\sqrt{ax^2+bx+c} = xt \pm \sqrt{c}$$

алмастыру жасау керек.

266. $\int \frac{dx}{\sqrt{1+x-x^2}}$. интегралын есептеу керек.

Шешуі: $c = 1 > 0$ $\sqrt{1+x-x^2} = xt + 1$ $1 + x - x^2 = x^2t^2 + 2xt + 1$

$$x = \frac{1+2t}{1+t^2}, \quad dx = -2\frac{1+t-t^2}{(1+t^2)^2}dt \qquad \sqrt{1+x-x^2} = xt+1 = t\frac{1-2t}{1+t^2} + 1 = \frac{1+t-t^2}{1+t^2}$$

$$\int \frac{dx}{\sqrt{1+x-x^2}} = \int \frac{-2\,\frac{1+t-t^2}{(1+t^2)^2}dt}{\frac{1+t-t^2}{1+t^2}} = \int \frac{dt}{1+t^2} = 2\,arctgt + C = 2arctg\,\frac{\sqrt{1+x-x^2}-1}{x} + C.$$

Үшінші Эйлер қойылымы. Егер квадраттық ax^2+bx+c үшмүшенің α, $\beta-$ нақты түбірлері болса, онда

$$\sqrt{ax^2+bx+c} = (x-\alpha)t$$

алмастыру жасау керек.

267. $\int \frac{dx}{\sqrt{x^2+3x-4}}$. интегралын есептеу керек.

Шешуі: $x^2 + 3x - 4 = (x+4)(x-1)$

онда

$$\sqrt{(x+4)(x-1)} = (x+4)t$$

$(x+4)(x-1)=(x+4)^2t^2 \qquad (x-1)=(x+4)t^2$

$x=\dfrac{1+4t^2}{1-t^2} \qquad dx=\dfrac{10tdt}{(1-t^2)^2}dt \qquad \sqrt{(x+4)(x-1)}=(\dfrac{1+4t^2}{1-t^2}+4)t=\dfrac{5t}{1-t^2}$

$$\int\frac{dx}{\sqrt{x^2+3x-4}}=\int\frac{10t\left(1-t^2\right)}{\left(1-t^2\right)5t}dt=\int\frac{2}{1-t^2}dt=\ln\left|\frac{1+t}{1-t}\right|+C=$$

$$=\ln\left|\frac{1+\sqrt{\frac{x-1}{x+4}}}{1-\sqrt{\frac{x-1}{x+4}}}\right|+C=\ln\left|\frac{\sqrt{x+4}+\sqrt{x-1}}{\sqrt{x+4}-\sqrt{x-1}}\right|+C=\ln\left|2x+3+\sqrt{x^2+3x-4}\right|+C.$$

268. $\int\dfrac{dx}{\sqrt{x^2+x+1}}$. интегралын есептеу керек.

Жауабы: $\ln\left|x+\dfrac{1}{2}+\sqrt{x^2+x+1}\right|+C.$

269. $\int\dfrac{dx}{\sqrt{3x^2+5x}}$. интегралын есептеу керек.

Жауабы: $\dfrac{1}{\sqrt{3}}\ln\left|6x+5+\sqrt{36x^2+60x}\right|+C.$

271. $\int\dfrac{dx}{\sqrt{3+2x-x^2}}$. интегралын есептеу керек.

Жауабы: $2\,arctg\,\dfrac{\sqrt{3}-\sqrt{3+2x-x^2}}{x}+C.$

272. $\int\dfrac{dx}{\sqrt{5+2x-4x^2}}$. интегралын есептеу керек.

Жауабы: $arctg\,\dfrac{\sqrt{5}-\sqrt{5+2x-4x^2}}{x}+C.$

273. $\int\dfrac{dx}{\sqrt{x^2-5x+6}}$. интегралын есептеу керек.

Жауабы: $\ln\left|\dfrac{\sqrt{x-2}+\sqrt{x-3}}{\sqrt{x-2}-\sqrt{x-3}}\right|+C=\ln\left|x-\dfrac{5}{2}+\sqrt{x^2-5x+6}\right|+C.$

274. $\int\dfrac{dx}{\sqrt{4x^2-8+3}}$. интегралын есептеу керек.

Жауабы: $\dfrac{1}{2}\ln\left|\dfrac{\sqrt{2x-1}+\sqrt{2x-3}}{\sqrt{2x-1}-\sqrt{2x-3}}\right|+C=\dfrac{1}{2}\ln\left|2x-2+\sqrt{4x^2-8x+3}\right|+C.$

275. $\int\dfrac{dx}{x\sqrt{x^2-x+3}}$. интегралын есептеу керек.

Жауабы: $\dfrac{1}{\sqrt{3}}\ln\left|\dfrac{\sqrt{x^2-x+3}-\sqrt{3}}{3}+\dfrac{1}{2\sqrt{3}}\right|+C.$

276. $\int \frac{dx}{x\sqrt{2+x-x^2}}$. интегралын есептеу керек.

Жауабы: $-\frac{1}{\sqrt{2}}\ln\left|\frac{\sqrt{2+x-x^2}-\sqrt{2}}{x}+\frac{1}{2\sqrt{2}}\right|+C.$

1.8 Кейбір тригонометриялық функцияларды интералдау

$$\int R(\cos x, \sin x)dx$$

Интегралдың бұл түрін есептеу үшін $t = tg\frac{x}{2}$ *универсал алмастыру* деп аталатын алмастыру қолданылады. Сонда $R(\cos x, \sin x)$ - тригонометриялық функциялардың рационал функциясы жаңа t айнымалысының рационал функциясына түрленеді.

$$x = 2arctgt, \qquad dx = \frac{dt}{1+t^2}.$$

Тригонометриядан белгілі формулалар бойынша:

$$\sin x = \frac{2\sin\frac{x}{2}\cos\frac{x}{2}}{\sin^2\frac{x}{2}+\cos^2\frac{x}{2}} = \frac{2tg\frac{x}{2}}{1+tg^2\frac{x}{2}} = \frac{2t}{1+t^2},$$

$$\cos x = \frac{\cos^2 x - \sin^2 x}{\cos^2 x + \sin^2 x} = \frac{1-tg^2 x}{1+tg^2 x} = \frac{1-t^2}{1+t^2}$$

Сондықтан $\int R(\cos x, \sin x)dx = \int R\left(\frac{2t}{1+t^2}, \frac{1-t^2}{1+t^2}\right)\cdot\frac{2dt}{1+t^2},$

мұндағы интегралданатын функция t айнымалысы бойынша рационал функция.

277. $\int \frac{dx}{4\sin x + 3\cos x + 5}$ интегралын табыңыз.

Шешуі:

$$\int \frac{dx}{4\sin x + 3\cos x + 5} = \int \frac{\frac{2dt}{1+t^2}}{4\frac{2t}{1+t^2}+3\frac{1-t^2}{1+t^2}+5} = 2\int \frac{dt}{8t+3-3t^2+5+5t^2} = 2\int \frac{dt}{2t^2+8t+8} =$$

$$= \int \frac{dt}{t^2+4t+4} = \int \frac{dt}{(t+2)^2} = -\frac{1}{t+2}+C = -\frac{1}{tg\frac{x}{2}+2}+C.$$

278. $\int \frac{dx}{9+8\cos x + \sin x}$ интегралын табыңыз.

Шешуі:

$$\int\frac{dx}{9+8\cos x+\sin x}=\int\frac{2dt}{(1+t^2)\left[9+\frac{8(1-t^2)}{1+t^2}+\frac{2t}{1+t^2}\right]}=2\int\frac{dt}{t^2+2t+17}=2\int\frac{dt}{(t+1)^2+16}=$$

$$=\frac{1}{2}arctg\frac{t+1}{4}+C=\frac{1}{2}arctg\frac{tg\frac{x}{2}+1}{4}+C.$$

▲

Кейбір жағдайларда осындай алмастырулар күрделі есептеулерге әкеледі, сондықтан басқа алмастырулар қолдануға болады. Солардың кейбіреулерін қарастырайық:

1) $\int R(\sin x)\cos xdx$ болса, онда $\sin x=t$.

2) $\int R(\cos x)\sin xdx$ болса, онда $\cos x=t$.

3) $\int R(tgx)dx$ болса, онда $tgx=t$.

4) $\int R(\sin x,\cos x)dx$ интегралында $\sin x,\cos x$ функциялары тек жұп дәрежелерімен берілсе, онда $tgx=t$;

5) $\int\sin^m x\cos^n xdx$ интегралында егер:

а) m - тақ болса, онда $\cos x=t$;

ә) n - тақ болса, онда $\sin x=t$;

б) n,m - жұп, теріс емес болса, онда $\sin^2 x=\frac{1-\cos 2x}{2},\cos^2 x=\frac{1+\cos 2x}{2}$ формулалары қолданылады;

в) n,m - жұп, ең болмаса біреуі теріс болса, онда $tgx=t$ немесе $ctgx=t$;

6) Әртүрлі аргументтердің синус және косинустарының көбейтіндісінің интегралы берілсе, онда бұл жағдайда төмендегі 3 формуланың біреуін қолданамыз:

$$\int\cos mx\cos nxdx=\frac{1}{2}\int[\cos(m-n)x+\cos(m+n)x]dx=\frac{1}{2}\left[\frac{\sin(m-n)x}{m-n}+\frac{\sin(m+n)x}{m+n}\right];$$

$$\int\sin mx\cos nxdx=\frac{1}{2}\int[\sin(m-n)x+\sin(m+n)x]dx=\frac{1}{2}\left[-\frac{\cos(m-n)x}{m-n}-\frac{\cos(m+n)x}{m+n}\right];$$

$$\int\sin mx\sin nxdx=\frac{1}{2}\int[\cos(m-n)x-\cos(m+n)x]dx=\frac{1}{2}\left[\frac{\sin(m-n)x}{m-n}-\frac{\sin(m+n)x}{m+n}\right].$$

279. $\int\frac{\sin^3 x}{2+\cos x}dx$ интегралын табыңыз.

Шешуі:

$$\int \frac{\sin^3 x}{2+\cos x}dx = \left\{\begin{matrix} \cos x = t \\ dt = -\sin x dx \end{matrix}\right\} = -\int \frac{1-t^2}{2+t}dt = \int \frac{t^2+4t+4-4t-5}{t+2}dt = \int \left[\frac{(t+2)^2-4t-5}{t+2}\right]dt =$$

$$= \int \left[t+2-\frac{4t}{t+2}-\frac{5}{t+2}\right]dt = \int tdt + \int 2dt - 4\int \frac{tdt}{t+2} - 5\int \frac{dt}{t+2} = \frac{t^2}{2} + 2t - 5\ln|t+2| - 4\int \frac{t}{t+2}dt =$$

$$= \left\{\begin{matrix} \frac{t}{t+2} = \frac{A}{t+2} + B \\ A + Bt + 2 = t \\ B = 1, \quad A = -2 \\ \frac{t}{t+2} = \frac{-2}{t+2} + 1 \end{matrix}\right\} = \frac{t^2}{2} + 2t - 5\ln|t+2| + 8\int \frac{dt}{t+2} - 4\int dt = \frac{t^2}{2} + 2t - 5\ln|t+2| + 8\ln|t+2| - 4t =$$

$$= \frac{t^2}{2} - 2t + 3\ln|t+2| + C = \frac{\cos^2 x}{2} - 2\cos x + 3\ln(\cos x + 2) + C.$$

280. $\int \sin 7x \sin 2x dx$ интегралын табыңыз.

Шешуі:

$$\int \sin 7x \sin 2x dx = \frac{1}{2}\int \cos 5x dx - \frac{1}{2}\int \cos 9x dx = \frac{1}{10}\sin 5x - \frac{1}{18}\sin 9x + C.$$

281. $\int \frac{\cos^7 x dx}{\sin^4 x}$ интегралын табыңыз.

Шешуі:

$$\int \frac{\cos^7 x dx}{\sin^4 x} = \left\{\begin{matrix} \sin x = t \\ dt = \cos x dx \\ \cos^2 x = 1 - \sin^2 x \end{matrix}\right\} = \int \frac{(1-t^2)^3}{t^4}dt = \int \frac{1-3t^2+3t^4-t^6}{t^4}dt = \int \frac{dt}{t^4} - 3\int \frac{dt}{t^2} +$$

$$+3\int dt - \int t^2 dt = -\frac{1}{3t^3} + \frac{3}{t} + 3t - \frac{1}{3}t^3 = -\frac{1}{3\sin^3 x} + \frac{3}{\sin x} + 3\sin x - \frac{\sin^3 x}{3} + C.$$

282. $\int \sin 10x \cos 7x \cos 4x dx$ интегралын табыңыз.

Шешуі:

$$\int \sin 10x \cos 7x \cos 4x dx = \int \sin 10x[\cos 7x \cos 4x]dx = \frac{1}{2}\int \sin 10x \cos 11x dx + \frac{1}{2}\int \sin 10x \cos 3x dx =$$

$$= \frac{1}{4}\int \sin 21x dx - \frac{1}{4}\int \sin x dx + \frac{1}{4}\int \sin 13x dx + \frac{1}{4}\int \sin 7x dx = -\frac{1}{84}\cos 21x - \frac{1}{4}\cos x - \frac{1}{52}\cos 13x -$$

$$-\frac{1}{28}\cos 7x + C.$$

283. $\int \frac{dx}{\sin^2 x \cos^2 x}$ интегралын табыңыз.

Шешуі: $\int \frac{dx}{\sin^2 x \cos^2 x} = \int \frac{4dx}{\sin^2 2x} = \left| dctg 2x = -\frac{2dx}{\sin^2 2x} \right| = -2\int dctg 2x = -2ctg 2x + C.$

Кейде тригонометриялық функцияларды интегралдағанда бұрыннан белгілі дәрежені төмендететін формулаларды қолданған жөн.

284. $\int \sin^4 xdx$ интегралын табыңыз.

Шешуі:

$$\int \sin^4 xdx = \int \left(\frac{1}{2}-\frac{1}{2}\cos 2x\right)^2 dx = \frac{1}{4}\int (1-\cos 2x)^2 dx = \frac{1}{4}\int (1-2\cos 2x+\cos^2 2x)dx =$$

$$= \frac{1}{4}\int dx - \frac{1}{2}\int \cos 2xdx + \frac{1}{4}\int \cos^2 2xdx = \frac{x}{4}-\frac{1}{4}\sin 2x+\frac{1}{4}\int \frac{1}{2}(1+\cos 4x)dx = \frac{x}{4}-\frac{\sin 2x}{4}+$$

$$+\frac{1}{8}\left[\int dx + \int \cos 4xdx\right] = \frac{x}{4}-\frac{\sin 2x}{4}+\frac{x}{8}+\frac{\sin 4x}{32} = \frac{1}{4}\left[\frac{3x}{2}-\sin 2x+\frac{\sin 4x}{8}\right]+C.$$

Берілген интегралдарды есептеу керек:

285. $\int \frac{\mathrm{dx}}{\mathrm{acosx}+\mathrm{bsinx}}$ Жауабы: $\frac{1}{\sqrt{a^2+b^2}}\ln\left|tg\frac{1}{2}\left(x+arctg\frac{a}{b}\right)\right|+C$

286. $\int \frac{\mathrm{dx}}{5-3\mathrm{cosx}}$ Жауабы: $\frac{1}{2}arctg\left(2tg\frac{x}{2}\right)+C$

287. $\int \frac{\mathrm{dx}}{5+3\mathrm{cosx}}$ Жауабы: $\mathrm{arctg}\left(\frac{1}{2}\cdot tg\frac{x}{2}\right)+\mathrm{C}$

288. $\int \frac{\mathrm{dx}}{\mathrm{sinx}}$ Жауабы: $\int \frac{\mathrm{dx}}{\mathrm{sinx}} = \ln\left|tg\frac{x}{2}\right|+C = \frac{1}{2}\ln\left|\frac{1-\cos x}{1+\cos x}\right|+C =$

$$= \ln\left|\frac{\sin x}{1+\cos x}\right|+C = \ln\left|\frac{1-\cos x}{\sin x}\right|+C$$

289. $\int \frac{\mathrm{dx}}{\mathrm{cosx}}$ Жауабы: $\int \frac{\mathrm{dx}}{\mathrm{sinx}} = \ln\left|tg\left(\frac{x}{2}-\frac{\pi}{4}\right)\right|+C = \frac{1}{2}\ln\left|\frac{1+\sin x}{1-\sin x}\right|+C =$

$$= \ln\left|\frac{\cos x}{1-\sin x}\right|+C = \ln\left|\frac{1+\sin x}{\cos x}\right|+C$$

290. $\int \frac{dx}{4-5\sin x}$ Жауабы: $\frac{1}{3}\ln\left|\frac{tg\frac{x}{2}-2}{2tg\frac{x}{2}-1}\right|+C$

291. $\int \frac{\sin x}{1+\sin x}dx$ Жауабы: $\frac{2}{1+tg\frac{x}{2}}+x+C$

292. $\int \frac{\cos x}{1+\cos x}dx$ Жауабы: $x-tg\frac{x}{2}+C$

293. $\int \frac{dx}{(1+\cos x)^2}$ Жауабы: $\frac{1}{2}tg\frac{x}{2}+\frac{1}{6}tg^2\frac{x}{2}+C$

294. $\int \frac{dx}{\sin x+\cos x}$ Жауабы: $\frac{1}{\sqrt{2}}\ln\left|tg\left(\frac{x}{2}+\frac{\pi}{8}\right)\right|+C$

295. $\int \frac{dx}{8-4\sin x+7\cos x}$ Жауабы: $\ln\left|\frac{tg\frac{x}{2}-5}{tg\frac{x}{2}-3}\right|+C$

296. $\int \frac{dx}{\cos x+2\sin x+3}$ Жауабы: $arctg\left(1+tg\frac{x}{2}\right)+C$

297. $\int \frac{dx}{3+5\sin x+3\cos x}$ Жауабы: $\frac{1}{5}\ln\left|5tg\frac{x}{2}+3\right|+C$

298. $\int \frac{dx}{\sin^2 x+2\sin x\cos x-\cos^2 x}$ Жауабы: $\frac{1}{2\sqrt{2}}\ln\left|\frac{tgx+1-\sqrt{2}}{tgx+1+\sqrt{2}}\right|+C$

299. $\int \frac{dx}{1+3\cos^2 x}$ Жауабы: $\frac{1}{2}arctg\left(\frac{tgx}{2}\right)+C$

300. $\int \frac{dx}{3\sin^2 x+5\cos^2 x}$ Жауабы: $\frac{1}{\sqrt{15}}arctg\left(\frac{\sqrt{3}\,tgx}{\sqrt{5}}\right)+C$

301. $\int \frac{dx}{\sin^2 x-5\sin x\cos x}$ Жауабы: $\frac{1}{5}\ln\left|\frac{tgx-5}{tgx}\right|+C$

302. $\int \frac{\sin xdx}{(1-\cos x)^3}$ Жауабы: $-\frac{1}{2\,(1-\cos x)^2}$

303. $\int \sin^3 xdx$ Жауабы: $\frac{1}{3}\cos^3 x-\cos x+C$

304. $\int \sin^5 xdx$ Жауабы: $-\cos x+\frac{2}{3}\cos^3 x-\frac{1}{5}\cos^5 x+C$

305. $\int \frac{\sin^3 xdx}{\sqrt[3]{\cos^4 x}}$ Жауабы: $\frac{3}{5}\cos^{5/3} x+3\cos^{-1/3} x+C$

306. $\int \sin^4 x \cos^5 x dx$ Жауабы: $\frac{1}{5}\sin^5 x - \frac{2}{7}\sin^7 x + \frac{1}{9}\sin^9 x + C$

307. $\int \frac{\sin 2x}{1+\sin^2 x} dx$ Жауабы: $\ln(1+\sin^2 x) + C$

308. $\int \frac{\sin x\, dx}{\cos^2 x + 6\cos x + 5}$ Жауабы: $\frac{1}{4}\ln\left|\frac{1-\cos x}{5-\cos x}\right| + C$

309. $\int \sin^3 x \cos^4 x\, dx$ Жауабы: $-\frac{1}{5}\cos^5 x + \frac{1}{7}\cos^7 x + C$

310. $\int \frac{\cos^3 x}{\sin^4 x} dx$ Жауабы: $\frac{1}{\sin x} - \frac{1}{3\sin^3 x} + C$

311. $\int tg^3 x\, dx$ Жауабы: $\frac{tg^2 x}{2} + \ln|\cos x| + C$

312. $\int ctg^3 x\, dx$ Жауабы: $-\frac{ctg^2 x}{2} - \ln|\sin x| + C$

313. $\int ctg^5 x\, dx$ Жауабы: $-\frac{ctg^4 x}{4} + \frac{ctg^2 x}{2} + \ln|\sin x| + C$

314. $\int tg^4 x\, dx$ Жауабы: $\frac{tg^3 x}{3} - tgx + x + C$

315. $\int ctg^6 x\, dx$ Жауабы: $-\frac{ctg^5 x}{5} + \frac{ctg^3 x}{3} - ctgx - x + C$

316. $\int tg^2 x\, dx$ Жауабы: $tgx - x + C$

317. $\int ctg^2 x\, dx$ Жауабы: $-ctgx - x + C$

318. $\int \sin^2 x\, dx$ Жауабы: $\frac{x}{2} - \frac{\sin 2x}{4} + C$

319. $\int \cos^2 x\, dx$ Жауабы: $\frac{x}{2} + \frac{\sin 2x}{4} + C$

320. $\int \cos^4 x\, dx$ Жауабы: $\frac{3x}{8} + \frac{\sin 2x}{4} + \frac{\sin 4x}{32} + C$

321. $\int \cos^6 x\,dx$ Жауабы: $\frac{5x}{16}+\frac{\sin 2x}{4}-\frac{\sin^3 x}{48}+\frac{3\sin 4x}{64}+C$

322. $\int \sin^4 \cos^4 x\,dx$ Жауабы: $\frac{1}{128}\left(3x-\sin 4x+\frac{1}{8}\sin 8x\right)+C$

323. $\int \frac{\cos^2 x}{\sin^4 x}dx$ Жауабы: $-\frac{1}{3}ctg^3 x+C$

324. $\int \sin^2 x\cos^4 xdx$ Жауабы: $\frac{1}{16}x-\frac{1}{64}\sin 4x+\frac{1}{48}\sin^3 2x+C$

325. $\int \frac{dx}{\sin^4 x}$ Жауабы: $-ctgx-\frac{ctg^3 x}{3}+C$

326. $\int \frac{dx}{\cos^6 x}$ Жауабы: $tgx+\frac{2}{3}tg^3 x+\frac{1}{5}tg^5 x+C$

327. $\int \frac{dx}{\sin^2 x\cos^4 x}$ Жауабы: $tgx+\frac{tg^3 x}{3}-2ctg\,2x+C$

328. $\int \frac{dx}{\sin^5 x\cos^3 x}$ Жауабы: $\frac{1}{2}tg^2 x+3\ln|tgx|-\frac{3}{2}ctg^2 x-\frac{1}{4}ctg\,4x+C$

329. $\int \sin 3x\cos 5xdx$ Жауабы: $-\frac{\cos 8x}{16}+\frac{\cos 2x}{4}+C$

330. $\int \sin 10x\sin 15xdx$ Жауабы: $-\frac{\sin 25x}{50}+\frac{\sin 5x}{10}+C$

331. $\int \cos\frac{x}{2}\cos\frac{x}{3}dx$ Жауабы: $\frac{3}{5}\sin\frac{5x}{6}+3\sin\frac{x}{6}+C$

332. $\int \sin x\sin 3xdx$ Жауабы: $-\frac{\sin 4x}{8}+\frac{\sin 2x}{4}+C$

333. $\int \cos 4x\cos 7xdx$ Жауабы: $-\frac{\sin 11x}{22}+\frac{\sin 3x}{6}+C$

334. $\int \sin\frac{x}{4}\cos\frac{3}{4}x$ Жауабы: $-\frac{\cos x}{2}+\cos\frac{x}{2}+C$

335. $\int \sin x\sin 2x\sin 3xdx$ Жауабы: $\frac{1}{24}\cos 6x-\frac{1}{16}\cos 4x-\frac{1}{8}\cos 2x+C$

336. $\int \cos x \cos\frac{x}{2}\cos\frac{x}{4}dx$ Жауабы: $\frac{1}{7}\sin\frac{7x}{4}+\frac{1}{5}\sin\frac{5x}{4}+\frac{1}{3}\sin\frac{3x}{4}+\sin\frac{x}{4}+C$

Тригонометриялық қойылым.

$R\left(x,\sqrt{a^2-x^2}\right)dx$ интегралы берілсе, онда $x=a\sin t$ немесе $x=a\cos t$ алмастыру жасау керек.

337. $\int\frac{dx}{\sqrt{\left(a^2-x^2\right)^3}}$ интегралын табу керек

Шешуі: $x=a\sin t \quad dx=a\cos tdt$

$$\int\frac{dx}{\sqrt{\left(a^2-x^2\right)^3}}=\int\frac{a\cos tdt}{\sqrt{\left(a^2-a^2\sin^2 t\right)^3}}=\int\frac{a\cos tdt}{a^3\cos^3 t}=\int\frac{dt}{a^2\cos^2 t}=\frac{1}{a^2}tgt+c=\frac{\sin t}{a^2\sqrt{1-\sin^2 t}}+C$$

$$\sin t=\frac{x}{a},\qquad \cos t=\frac{\sqrt{a^2-x^2}}{a}$$

Осыдан $$\int\frac{dx}{\sqrt{\left(a^2-x^2\right)^3}}=\frac{x}{a^2\sqrt{a^2-x^2}}+C$$

$R\left(x,\sqrt{a^2+x^2}\right)dx$ интегралы берілсе, онда $x=atgt$ немесе $x=actgt$ алмастыру жасау керек.

338. $\int\frac{dx}{x\sqrt{a^2+x^2}}$ интегралын табу керек

Шешуі: $x=atgt,\qquad dx=\frac{adt}{\cos^2 t}$

$$\int\frac{dx}{x\sqrt{a^2+x^2}}=\int\frac{\frac{adt}{\cos^2 t}}{atgt\sqrt{a^2+a^2tg^2t}}=\frac{1}{a}\int\frac{dt}{\sin t}=\frac{1}{a}\ln\left|\frac{1-\cos t}{\sin t}\right|+C$$

$tgt=\frac{x}{a},\qquad \sin t=\frac{x}{\sqrt{x^2+a^2}},\qquad \cos t=\frac{a}{\sqrt{x^2+a^2}}$

Осыдан

$$\int\frac{dx}{x\sqrt{a^2+x^2}}=\frac{1}{a}\ln\left|\frac{1-\frac{a}{\sqrt{x^2+a^2}}}{\frac{x}{\sqrt{x^2+a^2}}}\right|+C=\frac{1}{a}\ln\left|\frac{\sqrt{x^2+a^2}-a}{x}\right|+C$$

$R\left(x,\sqrt{x^2-a^2}\right)dx$ интегралы берілсе, онда $x=\frac{a}{\cos t}$ немесе $x=\frac{a}{\sin t}$ алмастыру жасау керек.

339. $\int \frac{dx}{\sqrt{x^2-a^2}}$ интегралын есептеу керек

Шешуі: $x=\frac{a}{\cos t}$ $\quad dx=\frac{a\sin tdt}{\cos^2 t}$

$$\int \frac{dx}{\sqrt{x^2-a^2}}=\int \frac{\frac{a\sin tdt}{\cos^2 t}}{\sqrt{\frac{a^2}{\cos^2 t}-a^2}}=\int \frac{\frac{a\sin tdt}{\cos^2 t}}{\frac{a\cdot\sin t}{\cos t}}=\int \frac{dt}{\cos t}=\ln\left|\frac{1+\sin t}{\cos t}\right|+C$$

$$\cos t=\frac{x}{a}, \qquad \sin t=\frac{\sqrt{x^2-a^2}}{x}$$

Сонымен

$$\int \frac{dx}{\sqrt{x^2-a^2}}=\ln\left|\frac{1+\frac{\sqrt{x^2-a^2}}{x}}{\frac{a}{x}}\right|+C=\ln\left|\frac{x+\frac{\sqrt{x^2-a^2}}{a}}{a}\right|+C$$

Берілген интегралдарды есептеу керек.

340. $\int \frac{dx}{\left(a^2+x^2\right)^{3/2}}$ Жауабы: $\frac{x}{a^2\sqrt{a^2+x^2}}+C$

341. $\int \frac{dx}{x^3\sqrt{x^2-1}}$ Жауабы: $\frac{1}{2}\arccos\frac{1}{x}+\frac{\sqrt{x^2-1}}{2x^2}C$

342. $\int \sqrt{a^2-x^2}dx$ Жауабы: $\frac{x}{2}\sqrt{a^2-x^2}+\frac{a^2}{2}\arcsin\frac{x}{a}+C$

343. $\int \frac{\sqrt{a^2-x^2}}{x}dx$ Жауабы: $\frac{a}{2}\ln\left|\frac{a+x}{a-x}\right|+\sqrt{a^2-x^2}+C$

344. $\int \frac{x^2}{\sqrt{9+x^2}}dx$ Жауабы: $\frac{x}{2}\sqrt{9+x^2}-\frac{9}{2}\ln\left|x+\sqrt{9+x^2}\right|+C$

1.9 Гиперболалық функцияларды интегралдау

Гиперболалық функцияларды интегралдау үшін төмендегі формулаларды қолдану керек.

$ch^2x-sh^2x=1 \qquad sh^2x=\frac{1}{2}(ch2x-1)$

$ch^2x=\frac{1}{2}(sh2x-1) \qquad shxchx=\frac{1}{2}sh2x$

345. $\int ch^2 xdx$ интенгралын табу керек

Шешуі: $\int ch^2 xdx = \frac{1}{2}\int (ch2x+1)dx = \frac{1}{4}sh2x + \frac{1}{2}x + c$

346. $\int sh^3 xdx$ интегралын табу керек.

Шешуі: $sh^3 xdx = \int sh^2 xd(chx) = \int (ch^2 x - 1)d(chx) = \frac{1}{3}ch^3 x - chx + c$

Берілген интегралды табу керек.

347. $\int ch^3 xdx$ Жауабы: $shx + \frac{1}{3}sh^2 x + c$

348. $\int ch^4 xdx$ Жауабы: $\frac{3x}{8} + \frac{sh2x}{4} + \frac{sh4x}{32} + c$

349. $\int th^3 xdx$ Жауабы: $\ln(chx) - \frac{tg^2 x}{2} + c$

350. $\int cth^3 xdx$ Жауабы: $x - cthx - \frac{cth^3 x}{3} + c$

351. $\int \frac{shx}{\sqrt{chx}}dx$ Жауабы: $2\sqrt{chx} + c$

352. $\int sh^4 xchxdx$ Жауабы: $\frac{sh^5 x}{5} + c$

353. $\int \frac{thx}{ch^2 x}dx$ Жауабы: $\frac{th^2 x}{2} + c$

354. $\int \frac{dx}{sh^2 xch^2 x}$ Жауабы: $-2cth2x + c$

2 Анықталған интеграл

2.1 Анықталған интегралды есептеу

Анықталған интегралдың анықтамасы. $f(x)$ функциясының $[a;b]$ аралығындағы *анықталған интегралы* деп $S = \sum_{i=1}^{n} f(\xi_i)\Delta x_i$ - интегралдық қосындының $(\max \Delta x_i \to 0)$ шегін айтады және былай белгіленеді: $\int_a^b f(x)dx$

мұндағы a - төменгі, $в$ - жоғарғы шегі, $x-$ айнымалы шама, $[a;b]-$ интегралдау аралығы.

Егер $f(x)$функциясы $[a;b]$ аралығында үзіліссіз болса, онда осы аралықта интегралданады.

А н ы қ т а л ғ а н   и н т е г р а л   қ а с и е т т е р і:

1) $\int_a^b Af(x)dx = A\int_a^b f(x)dx$;

2) $\int_a^b (f_1(x) \pm f_2(x))dx = \int_a^b f_1(x)dx + \int_a^b f_2(x)dx$;

3) $\int_a^a f(x)dx = 0$;

4) егер $[a;b]$-де $m \le f(x) \le M$ болса, онда:

$$m(b-a) < \int_a^b f(x)dx < M(b-a);$$

5) $\int_a^b f(x)dx = \int_a^c f(x)dx + \int_c^b f(x)dx$;

6) $\int_a^b f(x)dx = -\int_b^a f(x)dx$.

Анықталған интегралды анықталмаған интеграл көмегімен есептеу.

Ж о ғ а р ғ ы ш е г і а й н ы м а л ы а н ы қ т а л ғ а н ин т е г р а л. Егер $f(x)$ функциясы $[a,b]$ аралығында үзіліссіз болса, онда

$$F(x) = \int_a^x f(x)dx$$

функциясы $f(x)$ функциясының алғашқы функциясы болады, яғни

$$F'(x) = f(x) \qquad \forall x \in [a,b]$$

Н ь ю т о н – Л е й б н и ц ф о р м у л а с ы. Егер $F'(x) = f(x)$ болса, онда

$$\int_a^b f(x)dx = F(x)\Big|_a^b = F(b) - F(a)$$

$F(x)$ алғашқы функциясын $\int f(x)dx = F(x) + C$ анықталмаған интегралын шешу арқылы есептеледі.

355. $\int_{-1}^{3} x^4 dx$ интегралын есептеу керек

Шешуі: $\int\limits_{-1}^{3} x^4 dx = \frac{x^5}{5}\Big|_{-1}^{3} = \frac{3^5}{5} - \frac{(-1)^5}{5} = 48\frac{4}{5}$

356. $\int\limits_{\pi/6}^{\pi/4} \frac{dx}{\cos^2 x}$ интегралын есептеу керек

Шешуі: $\int\limits_{\pi/6}^{\pi/4} \frac{dx}{\cos^2 x} = tgx\Big|_{\pi/6}^{\pi/4} = tg\frac{\pi}{4} - tg\frac{\pi}{6} = 1 - \frac{\sqrt{3}}{3}$

Берілген интегралды есептеу керек.

357. $\int\limits_{1}^{2} (x^2 - 2x + 3)dx$ Жауабы: $\frac{7}{3}$

358. $\int\limits_{0}^{1} e^x dx$ Жауабы: $e - 1$

359. $\int\limits_{0}^{\pi/2} \sin x dx$ Жауабы: 1

360. $\int\limits_{0}^{1} \frac{dx}{1 + x^2}$ Жауабы: $\frac{\pi}{4}$

361. $\int\limits_{0}^{\sqrt{2}/2} \frac{dx}{\sqrt{1 - x^2}}$ Жауабы: $\frac{\pi}{4}$

362. $\int\limits_{0}^{\pi/3} tgx dx$ Жауабы: $\ln 2$

363. $\int\limits_{1}^{e} \frac{dx}{x}$ Жауабы: 1

364. $\int\limits_{0}^{\pi/2} \cos^2 x dx$ Жауабы: $\frac{\pi}{4}$

365. $\int\limits_{0}^{1} \frac{dx}{1 + x^2}$ Жауабы: $\ln 2$

366. $\int\limits_{-2}^{-1} \frac{dx}{x^2}$ Жауабы: $-\frac{3}{8}$

367. $\int\limits_{1}^{2} \left(\sqrt{2x} + \sqrt[3]{x}\right)dx$ Жауабы: $33\frac{1}{3}$

368. $\int_0^1 \frac{xdx}{x^2+3x+2}$ Жауабы: $\ln\frac{9}{8}$

369. $\int_0^1 \frac{xdx}{x^2+4x+5}$ Жауабы: $arctg3-arctg2=arctg\frac{1}{7}$

370. $\int_0^1 \frac{y^2dy}{\sqrt{y^6+4}}$ Жауабы: $\frac{1}{3}\ln\frac{1+\sqrt{5}}{2}$

371. $\int_2^{3.5} \frac{xdx}{\sqrt{5+4x-x^2}}$ Жауабы: $\frac{\pi}{6}$

372. $\int_0^{\pi/2} \sin^3 xdx$ Жауабы: $\frac{2}{3}$

373. $\int_e^{e^2} \frac{dx}{x\ln x}$ Жауабы: $\ln 2$

374. $\int_0^1 \frac{x^3}{x^8+1}dx$ Жауабы: $\frac{\pi}{16}$

2.2 Меншіксіз интегралдар

Шегі ақырсыз интегралдар. Егер $\lim\limits_{b\to\infty}\int_a^b f(x)dx$ шегі бар болса, онда осы шекті $f(x)$ функциясының $[a,\infty)$ интервалындағы *меншіксіз интегралы* дейді және оны былай белгілейді

$$\int_a^{\infty} f(x)dx = \lim_{b\to\infty}\int_a^b f(x)dx.$$

Егер осы шек бар болса меншіксіз интеграл *жинақты*, қарсы жағдайда *жинақсыз* дейді. Осы сияқты

$$\int_{-\infty}^{b} f(x)dx = \lim_{a\to\infty}\int_a^b f(x)dx, \qquad \int_{-\infty}^{\infty} f(x)dx = \int_{-\infty}^{c} f(x)dx + \int_c^{\infty} f(x)dx$$

интегралдарын да *меншіксіз интегралдар* дейді.

Үзілісті функцияның интегралы. $x=c$ нүктесінде үзілісті болатын $f(x)$ функциясының $\int_a^c f(x)dx$ интегралы былай анықталады:

$$\int_a^c f(x)dx = \lim_{b\to c-0}\int_a^b f(x)dx.$$

Егер осы шек бар болса, онда меншіксіз интеграл *жинақты*, қарсы жағдайда *жинақсыз* дейді.

Осы сияқты

$$\int_c^b f(x)dx = \lim_{a\to c+0}\int_a^b f(x)dx, \qquad \int_a^b f(x)dx = \int_a^c f(x)dx + \int_c^b f(x)dx, \text{ мұндағы } a \prec c \prec b,$$

интегралдарын да *меншіксіз интегралдар* дейді.

375. $\int_0^{\infty}\frac{dx}{x^2+2x+2}$ меншіксіз интегралын есептеу керек.

Шешуі: $\int_0^{\infty}\frac{dx}{x^2+2x+2} = \lim_{b\to\infty}\int_0^b \frac{dx}{(x+1)^2+1} = \lim_{b\to\infty} arctg(x+1)\Big|_0^b =$

$= \lim_{b\to\infty}\left(arctg(b+1) - arctg1\ \right) = \frac{\pi}{2} - \frac{\pi}{4} = \frac{\pi}{4}.$ Интеграл жинақты.

376. $\int_1^{\infty}\frac{dx}{x}$ меншіксіз интегралын табыңыз.

